

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қоры туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 1839. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.08. N 1209 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамытудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1229 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану туралы ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1997 жылғы 26 желтоқсандағы

N 1839 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Мәтіндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.09. N 1227 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қоры (бұдан әрі - Мемлекеттік стандарттар қоры) көп мәрте қолдану үшін белгіленген нормалары, өнімге, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге қатысты ережелер мен сипаттамалары бар стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі құжаттардың жиынтығын білдіреді.

2. Мемлекеттік стандарттар қоры Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Мемстандарт), оның ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындарының, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншіктің мемлекеттік нысанындағы заңды тұлғалардың стандарттар қорларының базасында қалыптастырылады.

3. Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастырудың және дамытудың басты мақсаты республиканың жалпы ұлттық мүдделерді ескере отырып өзара тиімді негізде Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыруға қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорына жалпы басшылық жасау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне жүктеледі.

2. Мемлекеттік стандарттар қорын жүргізу

5. Мемлекеттік стандарттар қорын:

Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтИн)" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны мен Мемстандарттың мемлекеттік кәсіпорындары;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған қорлары;

Қазақ республикалық ғылыми-техникалық кітапханасы жүргізеді.

6. Мемлекеттік стандарттар қоры жұмыс істеуі мақсатында:

Қ а з С т И н - н а :

нормативтік құжаттарды жинақтау, жүргізу, есепке алу және сақтау;
нормативтік құжаттар бойынша анықтамалық-библиографиялық деректер
б а з а с ы н ж ү р г і з у ;

Қазақстанның Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының шеңберінде БСҰ-ға мүше елдерді стандарттарға қатысты мәселелер бойынша ақпараттық қамтамасыз ету бөлігіндегі міндеттемелерін орындау;

Қазақстан Республикасының, ТМД елдерінің ақпараттық органдарымен және қорларымен, шетелдердің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық және еуропалық ұйымдармен өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жүргізу;

Мемлекеттік стандарттар қорына кіретін стандарттар қорларының қызметіне талдау жасау және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныс дайындау;

пайдаланушыларды стандарттау, метрология және сертификаттау салаларындағы қолданылып жүрген құжаттар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету
ф у н к ц и я л а р ы ж ү к т е л е д і ;

стандарттау, сертификаттау және сапа жүйелері саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерге, оның ішінде, нормативтік құжаттарды әзірлеу мен жетілдіруге, мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруға қатысу. <

*

>

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған қорларына:

қызметінің бекітілген бағыттарына сәйкес стандарттар мен басқа да нормативтік құжаттарды жинақтау, есепке алу, жүргізу және сақтау;

ҚазСтИн-мен өзара іс-қимыл жасау, оған құжаттар туралы анықтамалық және библиографиялық ақпараттар мен нормативтік құжаттардың көшірмелерін ұсыну ;

пайдаланушыларды жүйеде әзірленген құжаттар туралы ақпараттармен және олардың көшірмелерімен қамтамасыз ету функциялары жүктеледі.

Қазақ республикалық ғылыми-техникалық кітапханасына:

стандарттар мен басқа да нормативтік құжаттарды жинақтау, есепке алу, жүргізу және сақтау ;

ҚазСтИн-мен өзара іс-қимыл жасау, оған құжаттар туралы анықтамалық және библиографиялық ақпараттар және құжаттардың көшірмелерін ұсыну;

пайдаланушыларды республиканың мүдделі құрылымдары мен азаматтарының нормативтік құжаттарымен ақпараттық қамтамасыз ету функциялары жүктеледі .

7. ҚазСтИн Мемлекеттік стандарттар қорының Қазақстан Республикасында стандарттар қорын жүргізуді жүзеге асыратын субъектілердің арасында үйлестіруші органы болып табылады.

8. Мемлекеттік стандарттар қорының жұмыс істеу принциптерін айқындау және оның қызметін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін Мемстандарт Мемлекеттік стандарттар қорының кеңесін құрады.

3. Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру және пайдалану

9. Мемлекеттік стандарттар қоры стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы құжаттар мен басылымдардың мынадай түрлерін:

Қазақстан Республикасының заң және нормативтік құқықтық актілерін, мемлекеттік тізілімдерді, стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ережелер мен ұсынымдарды;

стандарттар мен нормативтік құжаттардың көрсеткіштерін;

мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпараттарды жіктегіштерді, халықаралық, аймақтық, европалық стандарттарды, шетелдік елдердің ұлттық стандарттарын, өнім мен қызмет көрсетуге арналған техникалық шарттарды ;

стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы халықаралық

ш а р т т а р д ы ;

фармакопиялық баптарды;
құрылыс нормалары мен ережелерін;
электр қондырғыларын орнатудың ережелерін (ЭОЕ);
санитарлық нормалар мен ережелерді;
медициналық-биологиялық талаптарды;
малдәрігерлігі ережелерін;

орталық және жергілікті атқарушы органдар стандарттары қорларының құжаттары туралы библиографиялық және басқа да ақпараттарды;

стандарттау, метрология және сертификаттау және өнімдер мен қызмет көрсетулердің сапасын басқару саласындағы мерзімдік басылымдарды қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

10. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың стандарттар қоры өз құзыреттерінің шегінде өздері немесе олардың ведомстволық бағыныстағы бөлімшелері әзірлеген стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі құжаттармен, сондай-ақ осы органдардың айқындауы бойынша басқа да құжаттармен қосымша ж и н а қ т а л а д ы .

11. Мемлекеттік стандарттар қорының пайдаланушылармен өзара іс-қимылы шарттық негізде жүзеге асырылады.